NOVARTIS

Ем ЖАЛҒАСАДЫ — Қауіп ТӨМЕНДЕЙДІ



Операция ісікті алып тастауға көмектеседі.
Одан кейінгі ем оның қайта оралу қаупін төмендетіп, қол жеткізілген нәтижені сақтауға көмектеседі[1,2]

СҮТ БЕЗІ ОБЫРЫ



QR-кодты сканерлеп, ең жақын клиниканы іздеуді бастаңыз

www.breastcancer.kz

NOVARTIS

Неліктен рецидив қаупі сақталуы мүмкін?


Операциядан кейін жекелеген **ісік жасушалары байқалмай қалуы мүмкін, сондықтан обырдың қайта оралу қаупі сақталады.** Одан кейінгі ем мен бақылау бұл қауіпті төмендетуге көмектеседі.

Рецидив — емдеуден кейін аурудың қайта оралуы. Тіпті тексерулерде ауру белгілері анықталмаса да, **жеке қауіп жылдар бойы сақталуы мүмкін.**

Операция



Көрінетін ісік жоқ



Қауіп сақталуы мүмкін



Адъювантты терапия



Қауіпті төмендету



Денсаулықты бақылау



Нақты клиникалық практика зерттеуінің деректері бойынша *(>45 000 HR+/HER2−, N1 бар, тек эндокриндік терапия алған әйел)* алыстағы рецидив қаупі 10 жыл және одан да ұзақ уақыт бойы елеулі болып қалады және уақыт өте артуы мүмкін[3-5]

Ем аяқталғаннан кейін ауру белгілерінің болмауы — болашақта қауіп мүлде жоқ дегенді білдірмейді.[3]



Менің қауіп деңгейім неге байланысты?

Қауіп деңгейі әртүрлі және бірқатар факторларға байланысты:

1. Ісіктің көлемі
2. Лимфа түйіндерінің зақымдануы
3. Қатерлілік дәрежесі
4. Ісіктің биологиялық ерекшеліктері
5. Жүргізілген емнің көлемі

*Лимфа түйіндерінің зақымдануы**

1–3 лимфа түйінінің зақымдануы «N1» деп белгіленеді — бұл маңызды қауіп факторы[3], бірақ жалғыз фактор емес: нақты қауіп N1-дің ісіктің басқа сипаттамаларымен үйлесуіне байланысты. Толық жағдайды дәрігер бағалайды.

*Лимфа түйіндері (лат. nodi lymphatici) — адам ағзасында биологиялық сүзгі қызметін атқаратын және ағзаны инфекциялар мен аурулардан қорғауға көмектесетін иммундық жүйе мүшелері

Адъювантты терапия қауіпті
қалай төмендетеді?

NOVARTIS

Ем сіздің қауіп деңгейіңізді ескере отырып таңдалады

Адъювантты терапия операциядан кейін **қалған ісік жасушаларын жою және рецидив қаупін төмендету** үшін жүргізіледі

Жоғары қауіп ▶ **Ем оны төмендетуге көмектеседі** ▶ **Аурудың қайта оралу қаупі төмендейді**

Дәрігер емді жеке таңдайды — **емнің түрі мен көлемі** аурудың ерекшеліктері мен дәл сіздегі қауіп деңгейіне байланысты

Әр пациентке бірдей ем қажет емес. Сіздің емдеу жоспарыңыз дәл сіздің ісігіңіздің ерекшеліктеріне байланысты.

Қауіп жоғарырақ болған жағдайда дәрігер оны **одан әрі төмендету үшін қосымша терапияны** ұсынуы мүмкін:[6-8]

Бастапқы қауіп ▶ **Ем** ▶ **Қалдық қауіп**

Рецидив қаупін қалай төмендетуге және ең жақын клиниканы қалай табуға болатыны туралы толығырақ біліңіз

www.breastcancer.kz

Емнің маңыздылығы

Емдеукурсын толық аяқтау маңызды

Емді мерзімінен бұрын тоқтатсаңыз, аурудың қайта оралуынан қорғаныс төмендейді. Дәрігер тағайындаған ем жоспарын сақтаңыз

Күмәніңіз бар ма?

1. Оларды дәрігермен талқылаңыз
2. Емді өз бетіңізше өзгертпеңіз

Жанама әсерлер

▼

Дәрігерге бару

▼

Жағдайды бағалау

▼

Емдеуді түзету



Бақылау

NOVARTIS

Емнен кейін бақылауда болу маңызды

Дәрігерге тұрақты түрде қаралу өзгерістерді дер кезінде байқауға көмектеседі. Дәрігер сүт безі тіндерінің жағдайын динамикада бағалауға көмектесетін сүт бездерінің УДЗ-сын қоса алғанда, аспаптық бақылау әдістерін ұсынуы мүмкін

Мыналарды байқасаңыз, дәрігерге жүгініңіз:

1. Сүт безінде немесе қолтық астында тығыздалу
2. Сүт безінің пішіні немесе көлемінің өзгеруі
3. Емізіктің немесе терінің ішке тартылуы
4. Емізіктен бөлінді шығуы
5. Қызару, ісіну, «лимон қабығы» тәрізді өзгеріс

Не істеу керек?

Ем жоспарын сақтау

↓

Дәрігерге баруды өткізіп алмау

↓

Өзгерістер туралы дәрігерге хабарлау

↓

Дәрі-дәрмектерді өз бетіңізше тоқтатпау

Емнен кейінгі бақылау туралы қосымша ақпарат

www.breastcancer.kz

NOVARTIS

www.breastcancer.kz

Сауығу мүмкіндігін арттырыңыз

QR-кодты сканерлеп, өзіңізге жақын жерде сүт безін тексеруден қайда өтуге болатынын біліңіз

Дереккөздер:

1. National Cancer Institute (NCI): NCI Dictionary of Cancer Terms, adjuvant therapy.
2. Mayo Clinic: Adjuvant therapy: Treatment to keep cancer from returning.
3. Jhaveri K. және т.б. Тезис. ESMO Breast Cancer 2026, 6–8 мамыр, Берлин, Германия (нақты клиникалық практика, N=45 236, HR+/HER2−, N1 пациенттер).
4. Jhaveri K. және т.б. 235P постері, ESMO BC 2026.
5. Pan H. және т.б. N Engl J Med. 2017;377:1836–1846 — лимфа түйіндерінің статусына байланысты HR+ сүт безі обырында 20 жыл бойындағы алыстағы рецидив қаупі.
6. Crew K.D. және т.б. J Clin Oncol. 2020;39(6):545–547.
7. Dowsett M. және т.б. J Clin Oncol. 2019;37(9):689–692.
8. Curigliano G. және т.б. NPJ Breast Cancer. 2023;9(8):1–8.
9. Breast Self-Exam: Get to Know Your Breasts in 5 Steps.
10. Breast Cancer Awareness: Look and Feel Every Month. Greater Manchester Cancer Alliance.

Материал пациенттердің ауру туралы хабардарлығын арттыру мақсатында «Новартис» компаниясының қолдауымен әзірленді.

Материалда берілген ақпарат денсаулық сақтау маманының кеңесін алмастырмайды. Емдеуші дәрігеріңізге жүгініңіз.

ҚР аумағында ақпаратты таратуға жауапты компания — «Новартис Қазақстан» ЖШС, 050022, Алматы қ., Құрманғазы көш., 95, тел.: +7 (727) 258–24–47.
Материал қолданыстағы жергілікті заңнама талаптарына, сондай-ақ Новартис компаниясының ішкі саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес дайындалды.

KZ/11777612/RIB/BCH/09.2026/5000